



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнаманың жалпы сипаттамасы.
Сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылық түрлері

Дайындаған: Ғабивулла Бекжан

Дабыс Динара

Дайрабай Сымбат

Тобы: ЖМ 17-027-2

Тексерген:

Жоспары

- Кіріспе. Сыбайлас жемқорлық
- Негізгі бөлім:
 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы
 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері
 3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлері
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиет

Сыбайлас жемқорлық

- Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы ауылдықпен күресу болып табылады.



Сыбайлас жемқорлық

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН
БІРГЕ КҮРЕСЕМІЗ**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы

- Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігіне зиян келтіре отырып, ел экономикасына кері әсер етеді, адамгершілік қағидаттарына зиян келтіреді, азаматтардың мемлекетке деген сенімділігін азайтады және әділ сот төрелігінің қағидаттарын бұзады. Сыбайлас жемқорлық, әрине, мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді, үдемелі әлеуметтік-экономикалық дамудың тоқтап қалуына ықпал етеді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзінде, «Меритократия қағидаттарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жүйелі жұмысты жолға қою маңызды» деді



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы

- Екі негізгі заң: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» [8] және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар қабылданды [9]. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның қабылдануы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі басты құқықтық және әдіснамалық негіз болды. Алғаш рет посткеңестік кеңістікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң қабылданып, сыбайлас жемқорлық анықтамасы берілді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің мақсаттары мен қағидаттары бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы

1992–1997 жылдар аралығы

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестің нормативтік-құқықтық негіздерін қалыптастырудың бастапқы кезеңі өтті. 1992 жылдың 17 наурызында «Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлық (бұдан әрі – Жарлық) шығарылды

1998- 2000 жылдар кезеңі

- Осы кезеңде сыбайлас жемқорлықтың ұйымдасқан қылмыспен үйлесімділікте тигізетін қауіптілік деңгейіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес институтының жұмыс істеу әдіснамасы мен әдістерін анықтау қажеттігі туындады.
Екінші кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте құқық қорғау және арнайы органдардың әдістері мен құралдарын қолдану керектігі туындады, яғни осындай Әлеуметтік қауіпті тудыратын себептермен емес, тек оның салдарларымен күресу қажет болды.

2001–2004 жылдар аралығы

- Үшінші кезеңде мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесін берді. Оны жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық жұмыстар жалпы жүйелік және кешендік сипатқа ие болды.

2005–2014 жылдар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негізінен 3,4-бапта айтылған:
- 3-бап. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы
 - 1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
 - 2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге де қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимылдың конституциялық негіздері

- 4-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:
 - 1) заңдылық;
 - 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
 - 3) жариялылық пен ашықтық;
 - 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
 - 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
 - 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
 - 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
 - 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлері

- 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексінің, «Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық» 2-бөлімінің 3-тарауы 25-бабына сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі **әкімшілік құқық бұзушылық** деп танылады (1-тармақ).

- Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық құрамы Кодекстің 34-тарауында баяндалған және алты бапта тіркелген:
- – жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (676-бап);
- – мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (677-бап);
- – заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (678-бап);
- – мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (679-бап);
- – мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шара қолданбауы (680-бап);
- – бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғалардың жұмысқа қабылдануы (681-бап)

Осындай құқық бұзушылықтардың құрамы өзара негізделген және өзара байланысты төрт элементтен тұрады:

- Субъект
- объект
- объективті жағы
- субъективті жағы

- ҚР ӘҚБтК 29-бабына сәйкес, осы Кодексте көзделген құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған кезде ақыл-есі дұрыс емес жағдайда болған, яғни өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіптілігін сезіне алмаған немесе оларды созылмалы психикалық ауруының, психикасының уақытша бұзылуының, ақыл-есі кемдігінің немесе психикасының өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан басқара алмаған жеке тұлға әкімшілік жауаптылыққа жатпайды.

Қорытынды

- Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады, сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің қатарын мемлекеттің мүддесін жоғары дәрежеде қорғай білетін кадрлармен толықтыруды, кездойсоқ адамдардың мемлекеттік қызметке кіріп кетпеуін қамтамасыз ететін қосымша жан-жақты шараларды күшейту қажеттілігі артып келеді.

- Қолданылған әдебиеттер:
- СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІ оқу құралы
Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б.С. Абдрасилов
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267-1 Заңы (11.05.04 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) //Электронды ресурс: <http://www.government.kz/>
- Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы

- 
- Назарларыңызға рахмет!!!